

**Банк туралы түсінік, оның түрлері,  
қызметтері.**

**Қазақстандағы банк жүйесі**

- ▶ Кейбір ғалымдардың пікірінше, алғашқы банктер капитализмнің мануфактура тұсында және ең бастысы, Италияның жекелеген қалаларында (Венеция, Генуе) XIV-XV ғғ. пайда болған. Олардың еңбектерінде банк тауар
- ▶ шаруашылығының ерекше институты ретінде тауар шаруашылығының ерте кезеңінде, яғни тауар-ақша қатынастарының дамуына байланыссыз, ақша айналысын реттеу үшін пайда болған делінеді.
- ▶ XVI-XVII ғғ. Венецияда, Генуеде, Миланда, Амстердамда, Гамбургте, Нюрнбергте саудагер-клиенттер арасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысулады жүзеге асыру үшін жиробанктер құрылады. Жиробанктер өздерінің клиенттері арасында белгілі салмағы бар бағалы металлдардан жасалған ақша бірліктері арқылы есеп айырысулад жүргізді. Өздерінің бос ақша
- ▶ қаражаттарын жиробанктер мемлекетке, қалаларға және артықшылығы бар компанияларға ссудаға берді.
- ▶ Ал кейбір мамандар, банкті одан да ерте мерзімде – феодализм тұсында пайда болған деп айтады. Олар феодалдық шаруашылық тұсында банктердің төлемдегі делдалдық қызметінің қажеттігінен пайда болғандығын тілге тиек етеді.

“Банк” сөзі “banco” деген ағылшын тілінен аударғанда “айырбас столы” дегенді білдіреді. Бұл “айырбас столы” тауарлармен сауда жасалатын аландарда құрылады. Сауда мемлекеттер мен қалалардың, жекелеген тұлғалардың әр түрлі монеталарымен жасалған. Ол уақытта монеталардың біртұтас жүйесі болмағандықтан, олармен саудасаттық барысында әр түрлі формадағы монеталар кездескен. Банктер пайда болардың алдында ақша-сауда капиталының өкілдері саудагерлердің ақшалай салымдарын қабылдап, оларды әр түрлі елдің ақшаларына айырбастауға маманданып отырған. Уақыт өте келе, айырбастаушылар бұл салымдарды, сондай-ақ өздерінің ақша қаражаттарын ссудаға беріп, пайыз алу үшін пайдалана бастайды. Сөйтіп, айырбастаушылар біртіндеп банкирлерге айналады.

Тарихшылардың пікірінше, б. э. д. 2300 жыл бұрын холдейлердің сауда компаниялары пайда болып, олар өздерінің тікелей қызметтерімен қатар, ссудалар берген. Олар б. э. д. VI ғ. Ежелгі Вавилонда салым операциялары: салымдарды қабылдау және оларға пайыз төлеу операцияларының жасалғандығын еске сала кетеді. Мұндай операциялар б. э. д. IV ғ. Ежелгі Грецияда да жасалған. Бір айта кететіні, ежелгі гректер салым қабылдай отырып, белгілі бір ақы төлеу арқылы ақшалар айырбасын жүргізіп отырған көрінеді. Ежелгі Римде банк және несие құқының нормалары болған. Осы нормаларға сәйкес, б.э.д. III ғ. айырбас ісіне мамандандырылған Римдік банкирлерді кумулияр деп атады. Оларға несиелік операцияларды жүргізуге рұқсат етілмеген. Тарихшылардың айтуынша, Ежелгі Вавилон банктері тек қана несие беріп қоймай, сондай-ақ жер бөлімшелерін сатып алу-сату, және басқа да операцияларды орындаған.

Банктің ерекше кәсіпорын ретінде шығаратын өнімі материалдық өндіріс аясының өнімдерінен өзара ажыратылады, ол жай ғана тауар шығармайды, оның тауары ерекше, яғни ақша, төлем құралдары түрінде шығады.

Қызмет көрсету аясындағы банктің өнеркәсіптік кәсіпорындардан ерекшелігі оның несие беруінен байқалады. Оның негізгі өнімі “*несие*” болғандықтан, *банкті* - “*несиелік мекеме*” деп атаған.

Сонымен, қазіргі түсінікте “ коммерциялық банк” - бұл ерекше өнім шығарумен айналысатын кәсіпорын немесе қолма-қол және қолма-қолсыз ақшада төлем айналысын реттеуді жүзеге асыратын ақша-несие институты болып табылады.

“КР-ғы банктер және банктік қызмет туралы” заңының 1-бабына сәйкес, “банк –осы заңға сай банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын занды тұлға”.

Банктік қызмет - бұл банктік операцияларды жүзеге асырумен байланысты метті білдіреді. Аталған заңының 30-бабына сәкес банктік операцияларға мыналар жатады:

- занды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың креспондентік шоттарын ашу және жүргізу;
- занды жеке тұлғалардың металдық шоттарын ашу және жүргізу

- кассалық операциялар: банкнота мен монетаны қабылдау, беру, қайта санау, айырбастау, ұсату, сорттау, қаптау және сақтау;
- аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақшаны аударумен байланысты тапсырмаларын орындау;
- есепке алу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және өзге борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- заемдық операциялар: ақы төлеу, мерзімін белгілеу және қайтару шартымен ақшалай формада несиeler беру;
- заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде корреспондент-банктердің тапсырмаларына байланысты, олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысу операцияларын жүргізу;
- сенім (траст) операциялары: сенім білдірушінің тапсырмасы бойынша және оның мұддесіне сай, ақшасын, құйма бағалы металын және бағалы қағаздарын басқару;
- клирингтік операциялар: төлемдерді жинау, тексеру және растау, сондай-ақ олар бойынша өзара есепке алу операцияларын жүргізу және клирингке қатысушылардың таза позициясын анықтау;
- сейфтік операциялар: клиенттердің құжатты формада шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттарын және бағалы заттарын сақтау қызметін көрсету сондай-ақ жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беру;
- ломбардтық операциялар: тез іске асатын бағалы қағаздар мен жылжитын мүліктерді кепілге алып, қысқа мерзімді несиeler беру;
- төлем карточкаларын шығару;

- банкнота мен монеталарды және бағалы заттары инкасациялау және жөнелту;
- шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
- төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельден басқаларын);
- чек кітапшаларын шығару;
- бағалы қағаздар нарығындағы клирингтік қызмет;
- аккредитивті ашу, растау және ол бойынша міндептемені орындау;
- ақшалай формада орындалуды көздейтін, банктік кепіл-хаттарды беру;
- үшінші тұлғаның атынан ақшалай формада орындалуды көздейтін банктік кепілдеме беру.

### *Қазақстан аумағына банк капиталының енуі*

Банк капиталының Қазақстанға енгізілу мерзімі XIX ғасырдың аяқ кезін қамтиды. Революцияға дейінгі Қазақстанның көп укладты экономикасында несиенің әр түрлі формалары дамыған. Қазақстанның несиелік жүйесі негізінен Ресей империясының несиелік жүйесінің бір бөлігі ретінде: Мемлекеттік банк бөлімшелерінен, акционерлік, коммерциялық банктер филиалдарынан, өзара несие беру қоғамдарынан, қалалық қоғамдық банктерінен, ипотекалық несие банктері немесе ұсақ несие мекемелерінен және жинақ кассаларынан тұрды.

Ресейдің мемлекеттік банкі 1860 ж. өз қызметін бастап, барлық несие жүйесіндегі - Орталық банк болып саналады және оның айналысқа қағаз ақшаларды шығаруда монополиялық құқығы болды.

Мемлекеттік банктік бөлімшелері Қазақстан территориясында ірі сауда-өнеркәсіп қызметтерінің орталығы болып саналатын Оралда (1876 ж.), Қызылжарда (1881 ж.), Семейде (1887 ж.), Омбыда (1895 ж.) және бұрынғы Верныйда (қазіргі Алматы) (1912 ж.) ашылып жұмыс жасалы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ең басты Қазақстандағы банктер - бұл мемлекеттік банктер болды.

Қазақстандағы коммерциялық банктердің филиалдарының қызметі активтік операциялары бойынша: вексельдерді есепке алу; тауарларга және тауарлық құжаттарды есепке ала отырып, ссуда беру; бағалы қағаздармен жасалатын операциялар қамтылды.

Қазақстанда, Ресейдің басқа аудандарымен салыстырғанда, өзара несие беру қофамы кеш пайда болды.

## ***Банктік реформалар***

Қазақстан Республикасындағы банктік жүйенің қалыптасуы мен дамуы төмендегідей үш банктік реформаға тікелей байланысты:

- 1) 1987-88жж банктік реформалар;
- 2) 1995 ж банктік реформа.
- 3) 1996-1998 жж банктік реформалар.

1987-88жж банктік реформалар. Қазақстандағы несие жүйесінің қайта құру тұысындағы дамуы, КСРО-да соңғы рет жүргізілген банктік реформа (1987-1988 жж.) сәйкес келеді. Банктік реформа нәтижесінде: КСРО-ның Мемлекеттік банкі және Құрылыш банктерінің мекемелері негізінде – КСРО Өнеркәсіп-құрылыш банкі, КСРО АгроОнеркәсіп банкі және КСРО Тұрғын үй-әлеуметтік банкі құрылды. Сол сияқты, кезінде КСРО-ның Мемлекеттік банкі құрамында келген жинақ кассалары негізінде – КСРО Жинақ банкі, Сыртқы сауда банкі негізінде - КСРО Сыртқы экономикалық банк құрылды. Сол уақыттан бастап, Мемлекеттік банк кәсіпорындар мен ұйымдарға кассалық және несиелік есеп айырысу қызметін көрсетуді тоқтатты. Сөйтіп, КСРО-ның Орталық банкісіне айналды.

Сыртқы экономикалық банк, экспорттық және импорттық операциялар бойынша есеп айрысуды үйымдастырды.

Жалпы банктерді мамандандыру идеясы банк жүйесінің жұмысын тығырыққа әкеліп, ол монополияландырудан құтылмады және несиелік механизмге түпкілікті өзгеріс енгізе алған жоқ. Сонымен қатар, КСРО Мемлекеттік банкінің ролі біршама төмендеп, ол мамандандырылған банктердің жұмысына ешқандай әсер ете алмады. Мұндай жағдайда, банк реформасын батыс үлгілерінде қалыптасқан екі деңгейдегі банктік жүйеде жүзеге асыруға ғана қол жеткізілді.

1987 жылғы реформаға дейінгі банктік жүйенің мынадай кемшіліктері болды:

- вексель айналысының болмауы;
- кәсіпорындардың қарыздарын кешіруі, әсіресе ауыл шаруашылығына қатысты;
- шаруашылықтың барлық аяларында артық несиелеу операцияларының байқалуы;
- банк мамандандырылуының жойылуы;
- кәсіпорындарындағы басқа да несие көздерінің болмауынан туындаған монополизмнің орын алуы;
- пайыз мөлшерлемесінің төменгі деңгейде болуы;
- экономиканың әр саласының қызметіне қойылатын (несие базасында) банк бақылауының әлсіздігі;
- бақылауға жатпайтын несиелік және банктік ақшалардың басып шыгарылуы.

1989 жылдан бастап, елімізде алғашқы коммерциялық банктер, кооперативтік және жеке банктер қатары жұмыс істеді. Сол жылы алғаш құрылған коммерциялық банктерге – Интеринвестбанк, Крамдсбанк, қазіргі Казкоммерц банк және т.б. жатады.

1995 жылғы банк реформасы. 1990 жылы Қазақстан Республикасы өз егемендігін жариялағаннан бастап нарықтық қатынастардың талаптарына сай келетін меншікті банк жүйесін құруға бетбұрыс жасады.

1990 жылы желтоқсан айында қабылданған “ҚазКРО-ғы банктер және банктік қызмет туралы” алғашқы заң Қазақстандағы банктік реформаны жүргізудің бастапқы кезеңдерін қамтиды.

Бұл банктік реформа Ұлттық банктің 1995 жылға арналған “Қазақстандағы банктік жүйені реформалау” бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. Нарық экономикасына ету жағдайында және экономикалық дағдарысты жоюда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде КР банк жүйесі маңызды роль атқарады.

Қазіргі уақытта қалыптасқан екі деңгейлі банктік жүйенің қызмет етуіне байланысты жасалған талдауда, олардың көрсетіп отырғанындай, кемшіліктердің басым бөлігі банктер қызметін реттейтін нормативтік базаны жасаудағы артта қалушылық және оның іске асырылуына іс жүзінде бақылау жасау механизмдеріндегі кемшіліктерімен сипатталады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы жұмыс жасап отырған банктік жүйенің қалыптасуын үш кезеңге бөледі:

I кезең. 1988 – 1991 жж. (КСРО-ның түсында) – мемлекеттік салалық мамандандырылған банктер қызметінің бір бөлігін республикалардағы сол банктердің тиісті бөлімшелеріне беру арқылы қайта түрлендіру; алғашқы коммерциялық банктер құру; КСРО Мемлекеттік банкіне орталық банктің жекелеген қызметтерін беруге байланысты бастапқы қадамдар жасау кезеңі.

*// кезең. 1992 жылдың аяғы 1993 жылдары – рубль аймағында бола отырып, ҚР Ұлттық банкінің орталық банктің бірқатар қызметтерін орындауға біртіндеп кірісүі, коммерциялық банктердің экстенсивті (сандық) түрде қалыптасуы және дамуы, ұлттық нормативтік базаның қалыптасуының бастапқы кезеңі.*

*/// кезең. 1993 жылдың қараша айынан осы уақытқа дейінгі, яғни айналысқа Ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты Ұлттық банкінің ақша-несие аясының қызмет етуіне толық жауапкершілік алу, бюджет және банктермен қарым-қатынас орнатудың классикалық қағидаларын енгізу, банктердің қызметін реттеу жүйесін нығайту кезеңін білдіреді.*

**1996 -1998 жж. банктік реформалар.** Бұл реформалар Ұлттық банктің 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының банк жүйесін реформалау бағадарламасына сәйкес жүргізілді.

Банк реформасын жүргізу бағадарламасының басты мақсаты - ҚР ұлттық валютасының ішкі және сыртқы тұрақтылығын өрі қарай арттыру және экономиканы қаржыландыру мүмкіндігін кеңейту үшін екінші деңгейдегі банктердің жүйесін нығайту.

Көздеген мақсатқа жетуде Ұлттық банк мынадай міндеттерді шешуге күш жұмсады:

ақша-несиелік реттеу өдістері мен құралдарын жетілдіру;  
елдің қаржы нарығына Ұлттық банктің араласуы арқылы қолма-қол ақша айналымында әкімшілік басқаруды күшейту;  
валюталық реттеуді дамыту және алтын валюта резервін басқару;  
банктік қадағалау жүйесін және банк қызметін реттеу принциптерін түбірімен өзгерту;  
бухгалтерлік есепті және банк жүйесін реформалауды аяқтау;

Қазақстан Республикасының екі деңгейлі банк жүйесі бар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкін қоспағанда, барлық өзге банктер банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейін білдіреді.

Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынастарда, халықаралық банктерде және өзге қаржы-кредиттік үйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

Ұлттық Банк өзінің міндеттерін орындау кезінде пайда алу мақсатын басшылыққа алмауы тиіс.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, бірақ өз қызметін жүзеге асыруда оған заңнамада берілген өкілеттіктер шегінде тәуелсіз.

Ұлттық Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметімен үйлестіреді, өзінің қызметінде Үкіметтің экономикалық саясатын ескеріп отырады және егер өзінің негізгі функцияларын орындауға және ақшакредит саясатын жүзеге асыруға қайши келмейтін болса, оны іске асыруға жәрдемдеседі.

Ұлттық Банк сатылап бағыну схемасы бар біртұтас орталықтандырылған құрылымнан тұрады. Ұлттық Банктің жоғары органы Басқарма, ал жедел басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

Ұлттық Банк сатылап бағыну схемасы бар біртұтас орталықтандырылған құрылымнан тұрады. Ұлттық Банктің жоғары органы Басқарма, ал жедел басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсатын іске асыру үшін Ұлттық Банкке мынадай міндеттер жүктеледі:

- мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- ақша-кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру.

Жүктелген міндеттерге сәйкес Ұлттық Банк аумақтық филиалдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Ұлттық Банк туралы ережеде көрсетілген функцияларды орындаиды.

### **Ұлттық Банктің құрылымына мыналар кіреді:**

- 21 департаменттен, 2 дербес басқармадан тұратын орталық аппарат;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігі;
- 17 аумақтық филиал және Алматы қаласындағы бір филиал - Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы.

### **З есеп беретін үйім:**

- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
- «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкот фабрикасы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

### **Ұлттық Банк:**

- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры»;
  - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы»;
  - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» ;
  - «Мемлекеттік кредиттік бюро»;
  - «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі»;
  - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Оқу Орталығы»;
  - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы»;
  - «Қазақстанның орнықтылық қоры»
- акционерлік қоғамдарының акционері болып табылады.

## **Ұлттық Банктің міндеттері:**

**Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету**

### **Ақша-кредит саясаты дегеніміз не?**

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты – бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін экономикадағы ақша құнын реттеуге бағытталған шаралар кешені. Орташа мерзімді перспективада инфляцияның тұрақты деңгейіне қол жеткізу тұрақты экономикалық өсудің негізін қалаушы факторы болып табылады.

### **АКС-тің негізгі мақсаты**

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының мақсаты инфляцияны белгіленген бағдарларға сәйкес ұстау болып табылады. 2019-2021 жылдарға арналған инфляция бойынша нысаналы бағдар 4-6% шегінде дәліз түрінде белгіленген.

Шешім қабылдау күнтізбесі

**2020 жылды базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 15.00-де мына күндері жария етілетін болады:**

- 3 ақпан, 16 наурыз, 27 сәуір, 8 маусым, 20 шілде, 7 қыркүйек
- 26 қазан, 14 желтоқсан

**7,1**

**ЖЫЛДЫҚ  
ИНФЛЯЦИЯ, %  
(қазан 2020)**

**9,0**

**БАЗАЛЫҚ  
МӨЛШЕРЛЕМЕ, %  
(21.07.2020)**

- + АКС-тің режимі**
- + Шешім қабылдау процесі**
- + Ақша-кредит саясатының операциялары**

## Инфляциялық таргеттеу Мәзірді тасалау

2015 жылдан бастап Ұлттық Банк теңгенің құбылмалы айырбас бағамы кезіндегі инфляциялық таргеттеу режиміне көшті. Инфляциялық таргеттеу – түпкі мақсаты баға тұрақтылығы болып табылатын ақша-кредит саясатының режимі. Инфляциялық таргеттеу режимі кезінде пайыздық арна манызды рөл атқарады, ол арқылы орталық банктің пайыздық мөлшерлеме саясаты нарықтық мөлшерлемелерге әсер етіп, сосын халықтың тұтынушылық, жинақтау, инвестициялық тәртібіне ықпал ете отырып соңында инфляциялық процестерге әсер етеді.

## **Неге баға тұрақтылығы?**

Инфляция әлемнің көптеген елдерінде экономиканың қазіргі заманғы дамуының аса өткір проблемаларының бірі болып табылады. Бағалардың жалпыға бірдей өсуі жинақтардың құнсыздануына, инвестициялауға ынталандырудың төмендеуіне, ұлттық валютаға деген сенімнің төмендеуіне әкеледі. Инфляция ұзақ мерзімге жоспарлау мүмкіншілігін жоқ етіп, экономикаға орны толмас зиян келтіреді. Нәтижесінде, жоғары инфляция экономикалық өсу қарқынын баяулатады.

Көп жылдық халықаралық тәжірибе экономиканың тенгерімді дамуын қолдау және қоғамның әл-ауқатын арттыру үшін неғұрлым тиімді стратегия инфляцияның төмен қарқының қамтамасыз ету болып табылатынын көрсетіп отыр. Бағаның тұрақтылығы көптеген орталық банктердің басты мақсаты болып табылады.

## **Неліктен өзгермелі айырбас бағамы режимі?**

Инфляциялық таргеттеуге көшуден кейін айырбас бағамы саясатының қолданыстағы режимі - теңгенің құбылмалы айырбас бағамы болып табылады. Бұл режим сыртқы күйзелістерге автоматты түрде ден қоюға және іргелі факторлар өзгергеннен кейін қысқа мерзімде тепе-тен мәнге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл экономиканың барлық секторларының және қаржы нарығы сегменттерінің тұрақты дамуына ең жақсы жағдай жасайды.

Ұлттық Банк айырбас бағамының қалыптасу процесіне араласпайды. Сонымен қатар теңге бағамының шамадан тыс өзгеруін болдырмау үшін, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін интервенция жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Интервенциялар жалпы өзгермелі айырбас бағамының саясатына қайшы келмейді.

## Инфляция

Инфляция – бұл тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағаларының жалпы деңгейінің артуы. Инфляцияға көптеген ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді, оның ішінде іскерлік белсенділік деңгейі, шығарылымның алшақтығы (нақты ИЖӨ-нің оның әлеуетті деңгейінен алшақтығы), еңбек өнімділігі, халықтың ақшалай табысы, жұмыспен қамту деңгейі, нарықтардағы бәсекелестік дәрежесі, тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілу, әлемдік тауар нарықтарындағы бағалар және басқа факторлар.

Инфляцияны есептеу үшін тұтынушылар бағалар индексі (ТБИ) – тұтыну үшін халық сатып алатын тауарлар және көрсетілетін қызметтер (тұтынушылық қоржын) бағасының жалпы деңгейінің көрсеткіші пайдаланылады. Тұтынушылық қоржын үй шаруашылықтары шығысының құрылымын көрсетеді және оған халықтың тұтынудындағы барынша үлкен үлес алатын тауарлар және көрсетілетін қызметтер кіреді. ТБИ тұтынушылық қоржынның ағымдағы кезеңдегі бағамен көрсетілген құнының оның өткен (базалық) кезеңдегі бағамен көрсетілген құнына қатынасы ретінде есептеледі.

ТБИ-ды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті есептейді.

## АКС құралдары Мәзірді тасалау

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының құралдары арқылы ақша нарығының өтімділігін және пайыздық мөлшерлемелерді реттейді, банктердің кредиттік белсенділігіне ықпал етеді және айналыстағы ақша массасының көлеміне әсерін тигізеді.

### **Тұтастай алғанда, ақша-кредит саясатының құралдары З түрге бөлінеді:**

**Ашық нарық операциялары** – Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемеге жақын банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділік ұсынуға немесе алуға арналған аукциондар нысанындағы жүйелі операциялары. Ашық нарық операциялары Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде өтімділігі жоғары және тәуекелсіз бағалы қағаздар кепіл ретінде пайдаланылады.

**Тұрақты қолжетімділік операциялары (тұрақты тетіктер)** – ақша-кредит саясатының өтімділік көлемін түзету жөніндегі құралдары, ол ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасты. Тұрақты қолжетімділік операцияларының негізгі мақсаты ақша нарығының қысқамерзімді пайыздық мөлшерлемелерінің құбылмалылығын шектеу болып табылады. Осы операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

**Ең төменгі резервтік** талаптар құрылымдық өтімділікті, сондай-ақ банкаралық ақша нарығындағы өтімділік пен мөлшерлемелерді реттеу үшін пайдаланылады. Резервтік талаптардың нормативтерін ауыстыра отырып, орталық банк банктердің өздерінің резервтеріне сұранысын реттейді және, өзінің құралдарын пайдалана отырып, ақша нарығындағы өтімділікті қысқамерзімді банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді талап етілетін дәлізде ұстап тұруға мүмкіндік беретін деңгейде қолдайды.

### **Ең төменгі резервтік талаптар нормативтері**

Резервтік міндеттемелердің әрбір түрі бойынша ең төменгі резервтік талаптардың жеке нормативі белгіленген:

- 1) ұлттық валютадағы қысқа мерзімді міндеттемелер – 2%;
- 2) ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді міндеттемелер – 0%;
- 3) шетел валютасындағы қысқа мерзімді міндеттемелер – 3%;
- 4) шетел валютасындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер – 1%.

Қаржылық тұрақтылық пен макропруденциалдық саясат

Қаржылық тұрақтылық – қаржы жүйесінің үздіксіз және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, экономиканың нақты секторының іскерлік белсенділігін қолдайтын және жүйелік тәуекелдер мен дағдарыстық құбылыстары жоқ жағдай.

Қазақстан Ұлттық Банкі дербес, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлейді және жүзеге асырады:

- 1) қаржы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін макроэкономикалық және макроқаржылық факторларға тұрақты мониторинг жүргізеді;
- 2) макропруденциалдық саясатты қалыптастырады;
- 3) заңнамада көзделген тәртіппен соңғы сатыдағы қарыздарды береді.

Макропруденциалдық саясатты қалыптастыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі: қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді;

- қаржы үйымдарын жүйелік маңызы бар үйымдар қатарына жатқызу тәртібін айқындайды және жүйелік маңызы бар қаржы үйымдарының тізімін қалыптастырады;
- өз бетінше немесе өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, олардың құзыretі шеңберінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шараларды Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі Кеңестің қарауына шығарады;

➤ жүйелік қаржы дағдарысы түндаған немесе түндау қаупі төнген жағдайда өз бетінше немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп қаржы ұйымдарының банктік және басқа да операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге шектеулер енгізеді.

Жүйелік тәуекелдер - бұл барлық қаржы жүйесінің немесе оның бір бөлігінің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтыратын және (немесе) оның тұрақты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін қаржылық қызыметтер көрсетуді бұзу тәуекелі. Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдері жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдарының тәуекелдерін де қамтиды.

Жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдары – бұл тұрақты жұмыс істеуіне, тұастай алғанда, қаржы жүйесінің тұрақтылығы тәуелді болатын қаржы ұйымдары.

Соңғы сатыдағы қарыз берушінің функциясы

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі міндет шенберінде Қазақстан Ұлттық Банкі өтімділіктің идиосинкраттық шокты бастан кешкен қаржы жағынан ауқатты және жақсы капиталдандырылған, бірақ уақытша өтімсіз банктер үшін соңғы сатыдағы қарыз беруші болып табылады.

Өтімділіктің идиосинкраттық шогы деп, клиенттердің өз салымдарын бір сәттік жаппай алуды нәтижесінде Банктің өтімді қаражаты тапшылығының түндауын белгілеу қабылданған.

Салымдардың мұндай жылыстауы банктің тұрақтылығына тікелей әсер етпейтін, бірақ оның салымшыларының болжамдары мен мінез-құлықтарына әсер ететін оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Мысалы, мұндай оқиғаларға банкке ақпараттық шабуыл, макроэкономикалық жағдайлардың нашарлауы жатады. Идиосинкраттық шок табиғатын шок триггерлерінің ерекшелігін және олардың қандай да бір банкілерге әсерінің іріктелуін анықтайды.

Мұндай шоктарға жауап ретінде Қазақстан Ұлттық Банкі банктердің клиенттер алдындағы өз міндеттемелерін үздіксіз орындаудың қамтамасыз ету және қаржы жүйесінде жүйелік тәуекелдің іске асуына жол бермеу мақсатында соңғы сатыдағы қарыз береді.

Соңғы сатыдағы қарыздардың шарттары Ұлттық Банк туралы заңмен, тиісті Қағидалармен және Қағидаттарымен реттелген.


**Қазақстан Ұлттық Банкі соңғы сатыдағы қарыздарды келесі шарттармен:**

- 1) төлем қабілеті бар банктерге беріледі;
- 2) ұлттық валютада беріледі;
- 3) Қазақстан Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінен төмен емес деңгейде белгіленеді;
- 4) 14-тен 90 күнтізбелік күнге беріледі;
- 5) банк активтерімен толық қамтамасыз дандырылуымен беріледі;
- 6) қарыз сомасы нақты және болжамды қысқа мерзімді өтімділік тапшылығының ең жоғары мөлшерінен аспауы тиіс.

## Валюталық операциялар


Қазақстанда валюталық операцияларды жүргізудің қолайлы тәртібі қолданылады.

Рұқсат етілген валюталық операциялардың тізбесі кең, экспорттық-импорттық операциялар рұқсат етуді талап етпейді, капитал қозғалысы операцияларына шектеулер жоқ. Валюталық заңнаманың міндеттерінің бірі сыртқы сектордың объективті статистикасын құру үшін валюталық операциялар бойынша ақпараттық база қалыптастыру болып табылады.



## Қазақстан аумағында 17 төлем жүйесі жұмыс істейді

Қазақстан аумағында қандай төлем жүйелері жұмыс істейді?



### Төлем қызметтерінің нарығы

Төлем нарығының қатысушылары

БАНКТЕР

26

ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ

66

Төлем қызметтерін дамыту елдің қаржы жүйесі мен экономиканың нақты секторына тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін маңызды мәнге ие.

Төлем карточкаларын пайдалана қолма-қол ақшасыз жүргізілген операциялардың көлемі

1,5 есе өсті (қантар-шілде аралығына салыстырғандағы 2020ж. қантар-шілде аралығы)

Айналымдағы төлем карточкалары

41,3 млн бірлік  
(2020ж.01.08 жағдай бойынша)

Төлем карточкаларын пайдалана қолма-қол ақшасыз онлайн жүргізілген операциялар жалпы қолма-қол ақшасыз операцияладың

56% бөлігін құрайды  
(2020ж. қантар-шілде аралығы)

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге 1993 жылғы 15 қарашада енгізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз эмитенті болып табылады.

Қазақстан Республикасының айналыстағы ақша белгілері банкноттардан және монеталардан тұрады. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының банкноттары мен монеталары ұлттық валюта – Қазақстан теңгесінің банкноттары мен монеталары дизайнның тұжырымдамасына сәйкес әзірленеді. Банкноттар мен монеталардың бейнесі мен сипаттамалары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің айналысқа шығарған банкноттары мен тыңдары олардың белгіленген құнымен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына, енгізу және ақша аудару үшін қабылдауға міндепті, оларды барлық банктер және Ұлттық пошта операторы шектеусіз ұсатады және айырбастайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен айналыстағы монеталарды сатуы, сатып алуы олардың белгіленген құны бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан Ұлттық Банкінің инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатуы және сатып алуы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

# ҚРҰБ-НЫҢ басшылығы



**Досаев Ерболат Асқарбекұлы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Төрағасы

Толығырақ >



**Біртанов Есжан Амантайұлы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Төрағасының орынбасары

Толығырақ >



**Баймағамбетов Ақылжан  
Мәлікұлы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Төрағасының орынбасары

Толығырақ >